

ӘОЖ 655.4/5

Р.С. Әбдиева*, Б.Ә. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: roza_kkz@mail.ru

**Баспа ісі мамандығы бойынша
білім беру жүйесін жаңғыртудағы ұсынымдар**

Мақалада қазіргі еңбек нарығында бәсекеге жарамды, кәсіби білікті маманды дайындау тек дұрыс ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеу үдерісі болған жағдайда ғана іске асатындығын түсіндіреді. Баспа ісі бойынша жаңа білім алудың қажеттілігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: баспа ісі, кітап шығару, білім беру, инновация, технология.

R.S. Abdieva, B.A. Omarova

Proposal for modernization in training Publishers

The article is devoted to the problems of training of highly qualified and competitive specialists publishers in a modern market economy. The author analyzes the problems of the educational process, about innovative technologies of teaching, the necessity of knowledge of foreign languages and promising possibilities of teaching, not only in the classroom but also about the necessity of conducting laboratory studies the conditions of production.

Key words: innovation, technology, publishing, publishing house.

Р.С. Абдиева, Б.А. Омарова

**Предложения по модернизации процесса
подготовки специалистов-издателей**

Статья посвящена проблемам подготовки высококвалифицированных и конкурентоспособных специалистов-издателей в условиях современной рыночной экономики. Автор анализирует проблемы организации учебного процесса, инновационные технологии преподавания, рассуждает о перспективных возможностях проведения лабораторных занятий в условиях производства.

Ключевые слова: инновация, технология, книгоиздание, издательское дело, издательство.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Осыған байланысты білім беруді жаңарту барлық саладағы оқытушылардың жауапкершілікті түсінуі мен олардың кәсіби деңгейіне және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлесіне байланысты.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі, оқытушылар қауымынан кәсіби міндеттер мен оны жүзеге асыруда жа-

наша көзқарасты, яғни инновациялық қызметті талап етеді.

«Президентіміз Н. Назарбаев қазақстандықтарға арнаған Жолдауында «барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет» дегенде ең алдымен жас ұрпақтың болашақ мамандығын дұрыс таңдауын алға тартып отыр. Ал енді мамандығын таңдаған сол жеткіншектердің арасынан ең қабілеттілерін іріктеп алып, кәсіби құзыреттілікке бейімдеу ісі – ЖОО-ның басты міндеттерінің бірі. Осы міндетті жүзеге асыру «Баспа ісі» мамандығына да тікелей қатысты екені даусыз.

Өйткені бұл мамандықтың өзге мамандықтарға қарағанда, өзіндік ерекшелігі және шығармашылық негізі бар. Бұл мамандық бойынша оқимын дегендердің арасынан:

– Ең алдымен шығармашылыққа бейімі және көркем ойлау мен көркем жазу қабілеті бар; оқу бағдарламасынан тыс танымдық білігі, парасат-пайымы, грамматикалық сауаты жоғары; адамдармен сөйлесу, тілдесу және ілкімді-іскер қарам-қатынас жасау қабілеті мен мәдениеті қалыптасқан талапкерлерді таңдап алу керек.

– Алдағы уақытта бүгінгіден де жоғары заманауи талаптарға жауап бере алатын құзіретті маман – білікті баспагер-редактор даярлаймыз десек, мына мәселелерді шешіп алу қажет деп білемін:

– «Баспа ісі» мамандығы бойынша құзыретті маман дайындау мақсатында жазуға қабілеті бар ең дарынды балаларды таңдап алу үшін талапкерлерді шығармашылық (жазбаша және ауызша) конкурс арқылы қабылдау туралы Білім және ғылым министрлігі ЖОО-ға қабылдау ережесіне арнайы бап енгізу;

– «Баспа ісі» және «Дизайн» мамандықтары бойынша мемлекеттік тілде оқу құралдары мен оқулықтар жазатын ғылым докторлары тұрмақ, ғылым кандидаттары жоқ. Сондықтан осы мамандықтар бойынша магистратураға грантты көбірек бөліп, солардың арасындағы өте жақсы бағалармен бітірген қабілетті жастардан ғылыммен айналысатын мамандар даярлау үшін докторантура ашу;

– Журналистика факультетінде ашылған «Дизайн» мамандығы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының және баспа өнімдерінің дизайнерлерін дайындаймыз. Сондықтан жалпы «Дизайн» мамандығына бөлінетін мемлекеттік грант құрамынан осы сала мамандарына арнайы жеке грант бөлу; немесе «Киім дизайны», «Сәулет дизайны», т.б. секілді «БАҚ дизайны» деген атаумен жеке мамандық ашып, соған грантты бөлек қарастыру;

– «Баспа ісі» және «Дизайн» мамандықтары бойынша ғылым докторлары тұрмақ, ғылым кандидаттары жоқ болғандықтан, осы мамандықтар бойынша дәріс оқып келе жатқан оқытушылардың дәрежесін дәл осы саладағы еңбек өтіліне және жариялаған оқу құралдарының санына қарай ғылым кандидаты немесе доцент дәрежесімен теңестіру жөн деп білеміз» [1].

Ия, бұл ойды толық құптаймыз. Сонымен бірге, баспа ісі мамандығы бойынша оқитын студенттердің оқу үдерісінде сапалы үрдіске

қол жеткізу үшін оқытуды ұйымдастыру түрлеріне де өзгеріс енгізгеніміз дұрыс.

ЖОО оқытуды ұйымдастырудың әр алуан түрлері бар: дәрістер (лекциялар), тәжірибелік (практикалық) оқулар және оның түрлері – про-семинар, семинар, арнайы семинар, зертханалық жұмыстар, практикум, өз бетінше жұмыс, студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары, өндірістік және педагогикалық тәжірибе және басқалар. Дидактикада олар студенттердің белгілі бір дидактикалық міндеттерді шешуі үшін танымдық қызметтік басқару тәсілдері ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар дәріс, семинар, өз бетінше жұмыс, оқытуды ұйымдастыру түрлері ретінде болады, өйткені олар оқытудың мазмұны мен әдістерін жүзеге асыру шеңберіндегі студенттер мен оқытушылардың өзара іс-әрекетін жүзеге асыратын тәсіл болып саналады. Қазіргі кезде «Баспа ісі» мамандығы бойынша оқытуды ұйымдастыру дәрісханалық және дәрісханадан тыс жолдармен іске асырылады, олардың әрқайсысында студенттермен оқу жұмысын ұйымдастырудың жаппай, топтық және жеке түрлері қолданылады. Оқу пәнін ұйымдастырудың дәстүрлік формасын пайдаланады. Дегенмен де теориялық дайындыққа бағытталған дәрістерден қарағанда тәжірибелік жұмыстарға бағытталған, семинар, өз бетінше жұмыс, конференция, кеңес беру практикалық оқулар, курстық жобалау, дипломдық жобалау, практика, іскерлік ойындар өте қажет.

Баспа ісі мамандығы үшін ең басты қажеттілік ол – тәжірибелік сабақтардың баспалар мен баспаханаларда, баспа өнімдерімен айналысатын кәсіпорындарда өткізілуі. Баспа ісі дүниеге келуінен бастап, бүгінгі күнге дейін тәжірибе оқытуды ұйымдастырудың жетекші формасы болып келеді. Студенттің оқу пәнімен алғашқы таныстығы содан басталады, ол жастарды лайықты мамандық пен ғылымға жетелейді, ғылыми білімдердің негізін қалайды. Нағыз тәжірибе – баспа ісін оқытудың дидактикалық циклінің басты буыны. Студенттің маманмен, жұмыс ортасымен шығармашылық қатынасы, осындай қатынастардың тиімділігі, танымдық және эмоциялық тұрғыдан алғанда, дәрістен қарағанда, өте жоғары саналады. Өндірістегі тәжірибелік сабақтарда студенттерге қайталанбас, күшті әсер қалдыратын, айрықша, тек өзіне ғана тән сипаттар бар. Сонымен қатар, тәжірибелік сабақ білім негіздерінің сараланған түрін және оқу материалына бағыт алуда өте үнемді тәсіл екендігін атап өтуіміз керек.

Егер баспалық кәсіпорындарда жаңа техникалар мен технологиялар болса, ол студенттің белсенділігін арттырып, тез меңгеруге тырысады. Сондықтан ең басты нәрсе – студенттердің мамандығына деген ынта-ықыласын арттыру.

Қазіргі еңбек нарығында бәсекеге жарамды, кәсіби білікті түлекті дайындау тек дұрыс ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеу үдерісі болған жағдайда ғана болады. Алынып жатқан білімнің пайдасы мен қажеттілігі туралы тәулік бойы айтуға да болады, бірақ студентке нақты мұның не үшін қажет екенін, өмірде бұл білімді қалай пайдалану керектігін көрсетпеу қиянат болады. Сондықтан, баспа ісі бойынша білім алудың қажеттілігін дәлелдеуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдалану керек.

Қазақстан Республикасы Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» [2] атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің білім беру жүйесін жаңартуға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу, оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру.

Өндірісте оқыту студенттердің тәжірибесін, жасаған жобасын салыстыруға мүмкіндік береді. Студенттер тобына орындауға тапсырма берілгенде нақты соңғы мақсат қойылады: мысалы, кітап бүктемдерінің түрлерін үйрену, баспалық бағдарламалардың қыр-сырын меңгеру, нақты редакциялық және корректуралық шарттарды орындау т.т.

Негізінде теориялық білімсіз тәжірибелік шеберлікке үйрету мүмкін емес. Баспа ісінің теориясын оқыту үшін де арнайы жаңа технологиялармен жабдықталған аудиториялар мен электрондық оқу дерекқорларын жасау керек. Дерекқор оқу құралдарының электронды нұсқасынан, теориялық материалдан, тақырыптарға арналған тестік тапсырмалардың, сұлбалардан, кестелерден және т.б. тұрады. Осындай ерекше авторлық медиатека студенттер сабаққа дайындалған кезде де қолжетімді болады. Аудиторияларда да оқыту сандық фотоаппараттардың, сканердің көмегімен, немесе кестелік баспалық бағдарламаларда суреттемелер, сұлбалар, диаграммалар жасайды.

Баспа ісі мамандығы бойынша оқу тәмамдаған жастар әрине жерде қалмайды. «Көркем ойлау мен көркем жазуды қажетсінетін кез келген салаға барып, әдеби редактор, арнаулы редактор болып қызмет атқара алады. Нақтылап айтсақ, Президент әкімшілігінде, Үкіметте, сенатта, мәжілісте, сотта,

прокуратурада, жергілікті әкімшіліктер мен атқару комитеттерінде және басқа да кез келген мекеменің баспасөз қызметтерінде референт-редактор, баспаларда, полиграфиялық өндіріс орындарында, газет-журналдарда, радиода, телевидениеде, жарнама агенттіктерінде редактор бола алады. Бұл өз алдына, баспа ісі мамандығын толық игерген маман жеке кәсіппен де, яғни баспа бизнесімен де айналысуына жол ашық» [3].

Яғни, кәсіби міндеттерді өздігінен, шығармашылықпен шеше алатын, қызметтің жеке және қоғамдық мәнін түсінетін және оның нәтижесіне жауапты қарайтын құзырлы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруымыз үшін білім берудің де тиімді жүйесін құруымыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім және ғылым Министрлігінің директивті, нормативті құжаттарында қазақ тілін оқыту сапасын арттыру, «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобаны іске асыру мәселелері туралы баса айтылады. Бұл баспа ісі мамандығы бойынша оқытын студенттерге өте қажет. Көптілділікті оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламаларын халықаралық тәжірибелердің инновациялық әдістемелеріне сүйене отырып 4 жыл бойы оқыту қажет. Әрине, біздің факультетте де қазақ, орыс, ағылшын топтары бар. Бірақ, ағылшын тобына «топ» етіп жазыла салатын студенттер өте аз. Ауылдық шалғай жерлерден келген жастар тілге шорқақ, қайта «қалаға барып, тіл үйренеміз» деп үміттенеді. Сондықтан да, баспа ісі мамандығы бойынша оқытын студенттерге ағылшын, неміс тілдерін жетік білуі үшін бірінші курстан төртінші курсқа дейін тоқтатпай шет тілдерін оқыту керек. Ал арнайы курсқа барып оқуға барлық студенттердің жағдайы жете бермейді. Баспа ісіндегі студенттерге ағылшыннан басқа, неміс тілін оқу да өте пайдалы. Жалпы полиграфия, баспа тарихы Гутенбергтен, неміс халқынан тарағанын ескерсек, әлі күнге дейін баспа ісін оқытуда көшбасшы болып келеді. Сонымен бірге, неміс тілін еркін меңгерген баспагер жастарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасайды.

Ия, білім беруді жаңарту әрбір студенттің білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады. Егер олар өз істерінің мамандары болып және біздің қоғамымыздың кәсіби білікті азаматтары атанса, онда оқытушылардың еңбегінің бекер болмағаны.

Әдебиеттер

- 1 Медеубекұлы С. Баспа ісін оқыту арқылы ең ауқатты адамдардың қатарын көбейтеміз / Айқын газеті. 19.07.2013.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 3 Медеубекұлы С. Уақыт және баспагер / Қазақ әдебиеті. – №24 (3396). – 2014.

References

- 1 Medeubekuly S. Baspa isin oqytu arkyly en aukatty adamdardyn kataryn kobeytemiz / Aikyn gazetі. 19.07.2013.
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn Kazakhstan halkyna Zholdauy. 2014 zhyly 17 қаңтар.
- 3 Medeubekuly S. Uakyt zhane baspager / Kazakh adebieti. №24 (3396). In 2014.